

"Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 413 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қаңтарда № 26383 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4725 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 1-қосымшасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

А. Раимкулова

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 413 бұйрығына
1-қосымша
Музейдің сақтау қоймасындағы
музей заттары мен музей
коллекцияларына қол жеткізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(музейдің толық атауы)

№ ____ Тапсыру актісі

Осы акт " " _____ 20 __ жылы _____

музейдің бас қор сақтаушысының аты, жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

_____ (музейдің қор сақтаушысының аты, жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы
құрамымен төмендегі музей заттарын және (немесе) музей коллекцияларын: " " _____
_____ 20 __ жылға дейін тапсырғандығы, ал _____

_____ (аты, жөні, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы) қолы
уақытша пайдалануға _____ мақсатында
қабылдағаны туралы жасалды:

№ р/ с	Музей затының және (немесе) музей коллекциясының атауы және олардың қысқаша сипаттамасы	Музей затының және (немесе) м у з е й коллекциясының саны	Музей затының және (немесе) м у з е й коллекциясының шифрі	Музей затының және (немесе) музей коллекциясының сақталуы	Ескерту
1 2		3	4	5	6

Мен, _____ (_____
көрсетілген музей заттарын және (немесе) музей коллекцияларын қабылдаған _____
_____ тұлғаның аты,
жөні, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы, лауазымы)

көрсетілген музей заттарын және (немесе) музей коллекцияларын қабылдаймын,
және олардың сақталуын қамтамасыз етемін және осы актіде белгіленген мерзімде
қайтарамын.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 413 бұйрығына
2-қосымша
Музейдің сақтау қоймасындағы
музей заттары мен музей
коллекцияларына қол жеткізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

(музейдің толық атауы)

№ ____ Қайтару актісі

Осы акт " " _____ 20 __ жылы _____

____ (музейдің бас қор сақтаушысының аты, жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

____ (музейдің қор сақтаушысының аты, жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы
құрамымен төмендегі музей заттарын және (немесе) музей коллекцияларын:

" " _____ 20 __ жылға дейін тапсырғандығы, ал _____

____ (аты, жөні, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы) қолы

" " _____ 20 __ жылы қайтарғаны туралы жасалды:

№ р/ с	Музей затының және (немесе) музей коллекциясының атауы және олардың қысқаша сипаттамасы	Музей затының және (немесе) м у з е й коллекциясының саны	Музей затының және (немесе) м у з е й коллекциясының шифрі	Музей затының және (немесе) музей коллекциясының сақталуы	Ескерту
1	2	3	4	5	6